

Қарғабаева С.Т.  
Ерманкулова Р.И.,  
Дандаева Б.М.

**Қазақстанда жергілікті басқару  
жүйесін қайта ұйымдастыру  
бағыттарын бағалау**

Kargabayeva S.T.,  
Yermankulova R.I.,  
Dandaeva B.M.

**An estimation of direction of  
reorganization of the system  
of local self-government is in  
Kazakhstan**

Қарғабаева С.Т.,  
Ерманкулова Р.И.,  
Дандаева Б.М.

**Оценка направления  
реорганизации системы  
местного самоуправления  
в Казахстане**

Жергілікті деңгейде жаңа элитаның пайда болуына мүмкіншіліктер жасалады, ол мемлекеттің саяси өміріне араласу үшін қажетті демократиялық дағдылар мен функцияларды меңгере алады.

Орталықсыздандырылу билік органдарының жергілікті қажеттіліктер мен мәселелерді жақсы түсінуіне себепші болады. Қызметтерді ұсыну мен инфрақұрылымды қамтамасыз ету жауапкершілігі орталықсыздандырылған тұста жергілікті органдар шығындар мен кірістердің арақатынасын жақсы бағалай алады, сонымен бірге бюджеттік шектеулер аясында халықтың қажеттілігін түсіністікпен сезіне алады.

**Түйін сөздер:** жергілікті өзін-өзі басқару, мемлекеттік басқару, органдар, өкілеттік.

---

Possibilities are created for appearance at local level of new elite, that will be able to master democratic skills and functions, necessary for participating in political life of country.

Decentralization assists the increase of receptivity of government bodies to the local necessities and problems. When responsibility for the grant of services and providing of infrastructure is decentralized, local organs can better estimate correlation of charges and acuestss, and also more flexibly to react on the necessities of population within the framework of budget constraints

**Key words:** local self-government, state administration, organs, plenary powers.

---

Создаются возможности для появления на местном уровне новой элиты, которая сможет осваивать демократические навыки и функции, необходимые для участия в политической жизни страны.

Децентрализация способствует повышению восприимчивости органов власти к местным потребностям и проблемам. Когда ответственность за предоставление услуг и обеспечение инфраструктуры децентрализована, местные органы могут лучше оценивать соотношение расходов и доходов, а также более гибко реагировать на потребности населения в рамках бюджетных ограничений.

**Ключевые слова:** местное самоуправление, государственное управление, органы, полномочия.

## **ҚАЗАҚСТАНДА ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ БАҒЫТТАРЫН БАҒАЛАУ**

Заманауи әлемде мемлекеттің салауаттығы азаматтардың мүмкіндігін тиімді пайдаланумен айқындалады. Сондықтан көптеген дамыған елдер жергілікті өзін-өзі басқару үлгісін жетілдіруге ұмтылады. Биліктің осы деңгейі халыққа барынша жақын, солардан қалыптасады, оның бақылауында және халықтың негізгі өмірлік қажеттілігін қамтамасыз ету мәселесін шешеді. Жергілікті өзін-өзі басқару орынды құрылса тек жергілікті ресурстардың шығыны оңтайланып қана қоймай, сонымен қатар халықтың билікке деген сенімі елеулі түрде артады.

Дамудың бүгінгі кезеңінде мұндай мәселе Қазақстанның алдында да тұр. Басқару жүйесінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру әкімшілік-аумақтық бірлік халқының тіршілік әрекетін тікелей қамтамасыз ететін функцияларды жергілікті өзін-өзі басқаруды реттеу саласына беру қажеттілігін негіздейді.

Алайда бұл объективті қажетті үдерісті көптеген мәселелердің шешілмегендігі мен заңнамалық реттеудің әлсіздігі тежейді. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізудің және тиісті заң жобаларын әзірлеу әрекетінің негізгі кемшілігі оларды алдын ала тұтас жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастырмай үзінді ретінде жүзеге асырылғаны болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару мәселесін регламенттейтін актілер Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заң болып табылады.

2007 жылы Конституцияға жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей, сондай-ақ мәслихаттар мен басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асыратындығы айқындалған толықтырулар енгізілді. Заңнамада әкім мемлекеттік басқару функцияларымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын да жүзеге асыратыны, ал жергілікті деңгейдегі мәселені талқылау жергілікті бірлестіктердің тікелей ерікті жиналыстармен (жиындарымен) атқаруға болатындығы белгіленген.

Қазіргі күні заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық нысандағы ауыл, кент, аудандық маңызы бар қалалардың, сондай-ақ қалалардағы аудандардың аппараттары қалыптастырылды. Бұл ретте олардың, дербес бюджет жоқ, бірақ бюджеттік

бағдарламалардың әкімшісі болып табылады. Аталмыш шығыстарды аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің құрамында қарастырылып, тиісті мәслихаттар бекітеді. Осы шығыстар мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруді жүзеге асыруға, үйде мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуге, елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға, шаруашылық есепке алу және т.б. бағытталған [1].

Ауыл (село), ауылдық (селолық) округ, кент әкімдеріне бірқатар міндеттер жүктелген, бірақ олар қаржымен қалдықты қағидат бойынша қамтамасыз етіледі. Нәтижесінде бұл әкімдер жергілікті маңыздағы мәселелерді шешуде қабілетсіз болып қалады, осылайша халық тарапынан объективті наразылығын тудырады.

Осы мәселені шешу үшін бастапқы кезеңде 2012 жылдан бастап «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде жергілікті маңыздағы өзекті мәселелерді шешуге арналған өңірлерді қаржылық қолдау тетігі іске асырылуда. Осы тетіктің маңызды факторы іс-шараларды іріктеу мен алынған қаражаттарды бөлу кезінде халықтың қатысуы болып табылады.

Қазіргі уақытта төменгі деңгейлердегі дербес бюджеттерді құру аудандық бюджеттердің көбі субвенциялы болғандықтан тоқтатылады. Төменгі басқару деңгейдегі бюджет құрылған жағдайда, ол да субвенциялы болады (мысалы: Ақмола облысының барлық 17 ауданы субвенция алады, Қарағанды облысындағы 9 ауданның 8 ауданы субвенциялы) деп күтуге болады.

Сондықтан бұл деңгейлерге салықтық және салықтық емес түсімдерді бекіту олардың қаржылық өзін-өзі қамтамасыз етуіне мүмкіндік бермейді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруда бірқатар шешілмеген мәселелер бар.

Қолданыстағы заңнамада жиналыстардың (жиындардың) жүргізілу тәртібі мен шешімін қабылдауды облыстық, республикалық маңызы бар қалалық және астана мәслихаттары анықтайтынын және бұл ретте әрқайсысы жиындарды жүргізудің өз тәртібін қабылдау керектігін қарастырған.

Алайда, заңнамада қарастырылған жиналыстарда (жиындарда) жергілікті маңыздағы мәселелерді талқылауға азаматтардың қатысуы бойынша нормалар бүгінгі іс жүзінде орындалмауда. Заңнамада жиналыстардың (жиындардың) қалыптастырылу, өткізілу тәртібі мен өкілеттігі регламенттелмеген.

Ауылдық деңгейдегі әкімдер жүктелген функцияларды жүзеге асыру кезінде дербестіктің жетіспеуіндегі негізгі проблемалық сәттердің бірі меншік қаржы қаражатын және басқа да ықтимал ресурстарды иелену және пайдалану құқығының шектелуі байқалады. Ауылдық әкімдердің өкілеттіктерін қолда бар жергілікті ресурстарды – жер, мүлікті қалай тиімді пайдалануға болатындығы, шағын және орта бизнеске нақты ықпал ету мәселелерін шешуде шаруашылық және экономикалық салалардағы шешімдерді қабылдау кезінде кезең кезеңімен кеңейту қажет.

Басқарудың төменгі деңгейдегі елді мекенді орнықты кешенді әлеуметтік дамытуды қамтамасыз ету үшін, аудандарды (облыстық маңызы бар қалалар) дамытудың қолданыстағы бағдарламаларына осы аумақтағы халықтың қажеттіліктері мен бірінші кезеңгі мұқтаждықтарына негізделген және елді мекеннің тіршілігін қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қалыптастыру үшін негіз болып табылатын кіші бөлім енгізілетін болады.

Ауыл әкімдерінің сайланбалылығын енгізу Қазақстан қоғамында көптен бері талқыланып келе жатқан мәселе. Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру, Қазақстанның саяси жүйесі мен мемлекеттік құрылымының тиімділігін арттыру, елдегі басқару реформасын жалғастыру туралы Елбасы бірнеше рет атап өткен болатын. Бірқатар жылдар бойы аталған реформа мақсаты және үдемелі түрде жүзеге асып келеді. 2012 жылдың қараша айында Елбасы Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы бекітілді, онда мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуын қамтамасыз ету қажеттілігі көзделді.

Жер-жерде басқару шешімдерін қабылдауға қоғамдық бақылауы мен азаматтардың ықпалын күшейту мақсатында елімізде тиісті мәслихаттар арқылы Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын ұйымдастырып, өткізуді тапсырды. Ауыл әкімдерінің сайланбалылығын енгізу жергілікті халық үшін жергілікті билік органдарының жұмысын бақылауға нақты мүмкіндік берудің, мемлекеттік басқару жүйесін сапалы түрде өзгертудің тетігі болып табылады. Бұл біздің еліміздің саяси жүйесін демократияландыру және жетілдіру жолындағы жаңа қадам [2].

2005 жылғы 12 тамызда эксперимент ретінде Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан жә-

не Солтүстік Қазақстан облыстарының 4 ауданында өткізілді. Бұл облыстарда аудан әкімдерін таңдаушылар мәслихат депутаттары сайлаған болатын. Сайлауға 72901 сайлаушының мүддесін білдіретін 4 аудандық мәслихат депутаттарының 50 таңдаушысы қатысты.

2006 жылғы 20 қазанда облыстық маңызы бар 10 қала мен 49 аудан әкімдерін сайлау өткізілді. Бұл жолы да әкімдерді таңдаушылар мәслихаттар депутаттары сайлады. Әкімдікке үміткерлерді баламалы негізде тиісті облыс әкімдері ұсынды. Сайлауға 788 таңдаушы қатысты. Аталған сайлаулар әкімдер сайлауы механизмдерін сынап көру мүмкіндігін берді. Сондай-ақ, атап өтілген сайлау науқандары жалпы мемлекеттік мүдделерді нақты елді мекендердегі халықтың мүдделерімен теңдестіруді қамтамасыз ету үшін кент, ауыл деңгейіндегі жергілікті әкімдіктер басшыларын сайлауды өткізу тәртібін реттейтін құқықтық негіздердің дамуын көрсетуімен қатар, басқару сапасы мен тиімді қоғамдық бақылау сапасын қамтамасыз етті. Ал бұл мәселе басқа елдерде қалай шешіледі? Көптеген дамыған мемлекеттерде демократиялық институттар бірнеше ғасырлар бойы дамып, ұзақ та қиын жолдан өткені белгілі. Сондықтан біз Еуропа мен Солтүстік Америка, соның ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Франция, ГФР сияқты «ескі демократиялы» деп аталатын 37 елде жергілікті басқару және өзін өзі басқару органдарының қалыптасуының құқықтық негізі мен тәжірибесін талдадық. Осы талдаудың жалпы қорытындылары туралы төмендегі ақпаратқа көңіл бөлдік. Жергілікті билік органдарының басшыларын тағайындау немесе сайлау 9 елде Конституцияның құқықтық ережелерімен, 12 елде жергілікті басқару (өзін өзі басқару) заңдарымен, 7 елде сайлау заңнамасымен реттеледі екен. Федеративтік мемлекеттердің (АҚШ, ГФР, Австрия, Канада, Ресей және басқа) басым көпшілігінде жергілікті өзін өзі басқару мәселелері өңірлік заңнамамен реттеледі.

Жергілікті әкімшілік басшыларын тағайындау 11 елде (Бельгияда, Босния және Герцеговинада, Ұлыбританияда, Ирландияда, нидерландта, Ресейдің біршама субъектілерінде, АҚШ штаттарының көпшілігінде, Швейцария мен Финляндия кантондарының бірқатарында) қолданылады. Төте сайлау 18 елде (Австрияның кейбір жерлерінде, Албанияда, Болгарияда, Венгрияда, Грекияда, Испанияда, Италияда, Канаданың бірқатар провинцияларында, Македонияда, Молдовада, Польшада, Румынияда, АҚШ-тың кейбір штаттарында, Украинада, ГФР-дың кейбір жерлерінде, Швейцарияның бірқатар кантондарын-

да) қолданылады. Жергілікті кеңестердің басшылары мен мэрлерді жергілікті кеңестер және муниципалитеттердің жанама сайлауы 19 елде (Австрияның кейбір жерлерінде, Данияда, Канаданың кейбір провинцияларында, Испанияда, Латвияда, Литвада, Мальтада, Норвегияда, Португалияда, Сербияда, АҚШ-тың бірқатар штаттарында, ГФР-дың бірқатар жерлерінде, Францияда, Хорватияда, Чехияда, Эстонияда) қолданылады. Жоғарыда айтылғандарға сүйенсек, демократиялы дамыған мемлекеттерде жергілікті атқарушы органдар басшыларының қызметке орналасу әдісін анықтау тәсілі оның практикалық маңыздылығымен сипатталатынына көз жеткізуге болады. Бұл тәсіл бос лауазымдарға кәсіби менеджерлердің орналасу құралы.

2013 жылғы тамыздың 5-інен 9-на дейін тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет жергілікті билік органдары басшыларының сайлауы өтті. Барлығы 7 миллион 632 мың қазақстандық тұратын аудандық маңыздағы қалалардың, селолық округтердің, поселкелер мен селолардың 2454 әкімі сайланды. Жергілікті әкімдерді сайлауға барлығы 7173 адам ұсынылып, соның ішінен 6738-і әкім қызметіне үміткер болып тіркелген. Орташа алғанда бір орынға 2-3 үміткер таласқан. Ал 37 әкімшілік-аумақтық бірлікте әкім болуға үміткерлер қарсыластарын бар-жоғы 1 дауыс басымдықпен жеңіске жеткен. Бұл сайлаудың ашық, бәсекелестік жағдайда өткенінің бір дәлелі – 3 ауылдық округте сайлаушылардың дауыстары екі үміткерге де тең бөлініп, жеңімпаздарды анықтау мүмкін болмаған. Ол жерлерде қайтадан сайлау өтті.

Сонымен, жаңадан сайланған әкімдердің корпусында еліміздегі 23 ұлттың өкілі бар. Ал, оларды мамандық түрлері бойынша бөлетін болсақ, 627-сі (25,6 пайызы) – педагогтар, 501-і (20,4 пайызы) – ауылшаруашылығы мамандары, 417-сі (17 пайызы) – инженерлер, 367-сі (14,5 пайызы) – экономистер, 281-і (11,5 пайызы) – заңгерлер және 271-і (11 пайызы) – басқа мамандықтардың өкілдері. 2454 әкімнің 280-і, яғни, 11,4 пайызы – әйелдер. Бұл бұрынғы көрсеткіштен 32-ге көп. Статистикалық мәліметтерден Павлодар, Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарында әйел-әкімдердің саны 6 пайызға дерлік ұлғайғанын көрдік. Әйелдер қауымы мемлекеттік, қоғамдық басқару ісіне белсенді тартыла бастады.

Әкімдердің орташа жасы – 47. Олардың ішінде көпшілігі 55 жасқа дейінгі адамдар, олар әкімдер корпусының 80,3 пайызын құрайды. Жалпы алғанда, әкімдер құрамы біршама жа-

сарды. Бұған дейін 55 жасқа дейінгі әкімдер 74,5 пайызды құраған болатын. Ал, жаңадан сайланған әкімдердің ішіндегі ең жасы 25 жаста. Бұл аймақтық саясатта мемлекеттің жастарға үлкен үміт артып, сенім білдіргенінің бір көрінісі.

Ауыл әкімдерінің сайлауы еліміздегі әкімдер корпусының 91 пайыздан астамын қамтыды. Яғни, аймақтарды дамытуға толығымен бетбұрыс жасалды. Өңірлерді дамыту министрлігінің құрылуы, аймақтарды дамыту бағдарламаларына (моноқалаларды дамыту, шағын қалалар) бюджеттен қомақты қаржы бөлу – бұлардың бәрі Қазақстанның аймақтық саясатын күшейтуінің белгілері. Елімізде жергілікті жерлердегі өзін-өзі басқару реформасы жүргізілді. Ауылдық деңгейге қосымша 5 мың штаттық бірлік бөлініп, оларға 67 мемлекеттік функция бекітілді. Қазіргі кезде ауыл әкімдері салық жинауға, бюджетті қалыптастыруға, тұрғындардың қатысуымен жергілікті мәселелерді шешу үшін қаржыландыру құқығына ие болды. Бұл барлық әкімдерге өз отандастары мен мемлекет алдында аса зор жауапкершілік жүктейді. Мемлекет осы сайлау арқылы ар-ұжданы таза, ашық, патриот, халықшыл «жаңа типтегі» басшылардың билікке келгенін қалап отыр деген сөз. Оларға біріншіден, елінің мүддесіне қызмет етуге мүмкіндік берілсе, екіншіден, мансабын өсіріп, «А» корпусына өтуіне жол ашылады. Сондай-ақ, бұл сайлау сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарымыздың бірі. Жергілікті жерлерде жүргізілген реформа төмендегі басқарушылардың қатарын жемқорлықтан тазалауға көмектесетіні сөзсіз.

Аталған менеджерлердің негізгі функциясы жекелеген әкімшілік-аумақтық бірлікте немесе елді мекенде халықтың тарапынан қоғамдық ба-қылау арқылы сапалы басқару болып табылады. Тап осы идеяның негізінде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасының, сайлау туралы заңның және халықаралық стандарттардың негізгі қағидаттарымен бірге жергілікті әкімдіктер басшыларының сайлауын өткізу тәртібінің жобасы әзірленді. Ағымдағы жылдың 24 сәуірінде Елбасы әкімдерді қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметінен босату қағидаларын бекіткен «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Жарлыққа қол қойды. Қағидаларға сәйкес сайлау науқаны тұтастай сайлауды тағайындаудан бастап оның қорытындыларын анықтағанға дейін әрбір өңірде бір ай уақыт мерзім ішінде өтеді. Барлығы

2457 әкім сайланатын болады, бұл елдегі барлық әкімдердің жалпы санының 91,5%-ын құрайды. Әкімдер 4 жылға жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланды. Осылайша, оларды төте сайлауда халық сайлаған, өз сайлаушыларының көзқарасын назарға алып, мүддесін сақтауға міндетті болып табылатын тиісті аудан (қала) мәслихаттары депутаттарының таңдаушылары сайлайды.

Бұған дейін Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдарының әкімдерін облыс әкімінің келісімімен аудан әкімдері қызметке тағайындайтын. Енді кандидаттарды балама негізде ұсыну құқығы аудан әкімдеріне берілді, сондықтан кандидаттар саны екеуден кем болмауы керек. Бұл ретте аудан әкімі әкімдікке кандидаттарды жергілікті қоғамдастықпен консультациялар өткізгеннен кейін ұсынады. Біздің ойымызша, аталған жағдайда ең тиімді әдіс аудан әкімінің тікелей ауылдарда, кенттерде және қалаларда халықпен жеке кездесулер өткізуі болып табылады. Дәл осындай кездесулер халықтың әкімді сайлауға қатыстылығын көрсетеді. Қолданыстағы мемлекеттік басқару жүйесінде жалпы аудан бойынша, атап айтқанда, әрбір әкімшілік құрылымдағы ахуалға жеке жауапты болғандықтан, аудан әкіміне кандидаттар ұсыну құқығының берілуі дұрыс деп есептейміз.

Әкім лауазымына кандидаттарға нақты талаптардың қойылуы осы сайлаудың маңызды кезеңі және негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Қағидаларға сәйкес 25 жасқа толған, «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңында қойылған талаптарға сәйкес келетін, белсенді сайлау құқығына ие, жоғары білімі бар және тиісті облыстың аумағында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары әкімдікке кандидат бола алады.

Мұндай жоғары талаптар ауыл әкімдігіне кандидаттарға бірінші рет қойылып отыр. Олар халықпен тікелей жұмыс істейтін сайланған әкімдердің сапалық және кәсіби деңгейін қамтамасыз ететіндігіне күмәніміз жоқ. Ал бұл өз кезегінде жергілікті мемлекеттік басқарудың сапасын жақсартады. Кандидаттың облыс аумағында тұруы туралы талап маңызды, өйткені, өзі жұмыс істеуге ниеттенген өңірдегі жағдайды нақты білетін әкімнің сайлануын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ бұрын әкімдердің міндетті түрде жоғары білімді болуы туралы талап жоқ болатын. Мәселен, осы уақытқа дейін 100-ден астам ауыл әкімдерінің орта және орташа арнайы білімдері ғана

болғандығы мәлім болды. Сайланбалы лауазымға кандидат пен оның жұбайының тіркеуге дейін өз табысы мен мүлкі туралы декларация тапсыруы қазақстандық заңнамада қалыптасқан жағдай. Бұл мәліметтердің анықтығын салық органдары жеті күн ішінде тексеруі тиіс. Аудан (қала) әкімі мен әкімдікке кандидаттардан тіркеу үшін қажетті барлық құжаттар алынғаннан кейін, сайлау комиссияларының негізгі жұмысы кандидаттардың Конституциясының, Мемлекеттік қызмет туралы заңның және де Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларының талаптарына сәйкестігін шұғыл түрде тексеруі болып табылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару тиімділігі көбіне тек қажетті өзін-өзі басқарудың құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық дербестігін қамтамасыз ететін заңдардың кешеніне ғана емес, сондай-ақ тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудағы өз құқықтары мен мүмкіндіктерін түсінуге, жергілікті өзін-өзі басқаруға арналған құқықты жүзеге асырудың шынайы мүмкіндігіне де тәуелділігін атап өту қажет [3].

Көбінесе ауылдағы тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудағы өз құқықтары мен мүмкіндіктерін түсінуге қатысты құқықтық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігін ескере отырып, халық арасында қоғам мен мемлекеттегі өзін-өзі басқарудың рөлі мен орны мәселесін түсіндіруге қатысты ақпараттық-түсіндіру ісін жандандыру қажет.

Жергілікті өзін-өзі басқару ықшамды тұрғындары бар жерде төменгі деңгейдегі әкімшілік-аумақтық бірлікте тиімді атқарылатынын әлемдік тәжірибе растайды. Қазақстанда ол ауыл, село, ауылдық (селолық) округ, кент, аудандық маңызы бар қала, қаладағы аудан.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өкілеттікті аздан бастан кезең-кезеңімен беру қажет. Әйтпесе өзін-өзі басқару органдары алдарына қойылған тапсырмаларын орындай алмайды да жалпы мақсатқа да қатер төнбек. Мемлекеттік мекеме тарапынан болсын, халық тарапынан болсын жергілікті өзін-өзі басқару органдарына деген сенім олардың жұмыс үрдісінде ғана пайда болады.

Заманауи әлемде мемлекеттің салауаттығы азаматтардың мүмкіндігін тиімді пайдаланумен айқындалады. Сондықтан көптеген дамыған елдер жергілікті өзін-өзі басқару үлгісін жетілді-

руге ұмтылады. Биліктің осы деңгейі халыққа барынша жақын, солардан қалыптасады, оның бақылауында және халықтың негізгі өмірлік қажеттілігін қамтамасыз ету мәселесін шешеді. Жергілікті өзін-өзі басқару орынды құрылса тек жергілікті ресурстардың шығыны оңтайланып қана қоймай, сонымен қатар халықтың билікке деген сенімі елеулі түрде артады.

Дамудың бүгінгі кезеңінде мұндай мәселе Қазақстанның алдында да тұр. Басқару жүйесінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру әкімшілік-аумақтық бірлік халқының тіршілік әрекетін тікелей қамтамасыз ететін функцияларды жергілікті өзін-өзі басқаруды реттеу саласына беру қажеттілігін негіздейді.

Алайда бұл объективті қажетті үдерісті көптеген мәселелердің шешілмегендігі мен заңнамалық реттеудің әлсіздігі тежейді. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізудің және тиісті заң жобаларын әзірлеу әрекетінің негізгі кемшілігі оларды алдын ала тұтас жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастырмай үзінді ретінде жүзеге асырылғаны болып табылады.

Басқарудың төменгі деңгейдегі елді мекенді орнықты кешенді әлеуметтік дамытуды қамтамасыз ету үшін, аудандарды (облыстық маңызы бар қалалар) дамытудың қолданыстағы бағдарламаларына осы аумақтағы халықтың қажеттіліктері мен бірінші кезеңгі мұқтаждықтарына негізделген және елді мекеннің тіршілігін қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қалыптастыру үшін негіз болып табылатын кіші бөлім енгізілетін болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару тиімділігі көбіне тек қажетті өзін-өзі басқарудың құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық дербестігін қамтамасыз ететін заңдардың кешеніне ғана емес, сондай-ақ тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудағы өз құқықтары мен мүмкіндіктерін түсінуге, жергілікті өзін-өзі басқаруға арналған құқықты жүзеге асырудың шынайы мүмкіндігіне де тәуелділігін атап өтуі қажет.

Экономика мен басқарудың тиімді қызмет етуін арттыру арасындағы өзара әрекетестік пен өзара байланыс тек себеп-салдарлық сипатта ғана емес, сонымен бірге функциональдық мазмұнға да ие болып табылады. Басқарудың негізгі функциясы ең төмен қоғамдық-қажетті шығындармен экономиканы реформалау мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырудан тұрады. Сондықтан да мемлекеттік құрылысты жобалауда жергілікті басқаруды билік институты немесе азаматтық қоғам институты ретінде ғана

қарастыруға болмайды. Ол үйлесімді түрде өзіне мемлекеттік және қоғамдық жасаушыларды байланыстырады, ал қоғам мен мемлекеттің мүдделерін үйлестіру механизмі ретінде мемлекеттің экономикалық тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы болып табылады.

Жергілікті өзін өзі басқарудың мәнін ашушы басты түсініктердің бірі – дербестігі. Жергілікті өзін өзі басқару органдары Конституцияға сәйкес жеке құзыреттіліктерге ие болып табылады және ол үшін жауапкершілікті алады. Жергілікті өзін өзі басқарудың дербестігі Конституциямен анықталады, себебі жергілікті өзін өзі басқару органдары мемлекеттік басқару органдары жүйесіне кіргізілмеген. Бірақ бұл жергілікті өзін өзі басқарудың мемлекеттік-билік қатынастары жүйесінен тыста екенін және абсолютті түрде мемлекеттен тәуелсіз екенін білдірмейді. Билік бірлігін және мемлекеттілікті сақтаудың көзқарасынан мұндай тұжырым үстіртін және заңдылыққа сай емес. Конституцияда өкілеттілік шегіндегі дербестік туралы сөз болады. Өкілеттілік мемлекеттік билік органдары қабылдайтын заңмен ұсынылады. Сондықтан да билік тұтастығын сақтау үшін жергілікті өзін өзі басқаруды дербестіктен айырудың ешбір қажеттілігі жоқ. Бұдан басқа мемлекетте берілген мемлекеттік өкілеттіліктерді жүзеге асыруды мемлекеттік бақылау сияқты институттар бар, олар органдар

қызметінің заңдылығын және жергілікті өзін өзі басқарудың қызметтік тұлғаларын прокурорлық қадағалау және де ол соттық билікте де бар [4].

Егер мақсаттар мен міндеттер нақты сандық және сапалық анықтылыққа ие болса және жалпы ұлттық экономиканы дамытуға бағдарланған болса, онда басқарудың тиімділігі жүйенің әлеуетіне және оны қолдануға байланысты болады. Қазақстанда белгілі бір экономикалық және қаржылық дербестікке ие, экономикалық қайта құруларды жүргізуде мемлекетке көмек көрсетуге және өздеріне жүктелген әлеуметтік функцияларды орындауға қабілетті жергілікті өзін өзі басқару органдарының тиімді жүйесі құрылды.

Жергілікті өзін өзі басқару органдары жергілікті маңызы бар әртүрлі мәселелерді, оның ішінде халық мүдделерін қорғау мәселелерін шешуге қабілетті болады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік өкілеттікті жүзеге асыруда жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуы қажет. Бұл көптеген мәселелерді жергілікті жерлерде шешудің барынша орындылығымен түсіндіріледі. Өз кезегінде жергілікті өзін өзі басқару органдары мен мемлекеттік билік органдары арасындағы осындай өзара қатынастар басқаруды орталықсыздандыруға әкеледі және бұл органдардың өңірлік міндеттерді шешуге бірлесе қатысуын қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер

- 1 Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдама – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы №1297 қаулысымен //www.minplan.kz
- 2 Нурмағамбетов А. А., Ахметов С.К. Развитие местного государственного управления и самоуправления в процессе обеспечения конкурентоспособности современного Казахстана // Государственная политика в сфере обеспечения конкурентоспособности Республики Казахстан: пути достижения и перспективы: материалы международной научно-практической конференции, в рамках седьмых Мустафинских политологических чтений. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2006. – С.15.
- 3 становление местного самоуправления как основы устойчивого развития регионов / Абдиев Н.М., Ахметова Л.С., Когамов М.Ч., Соловьева А. С. и др. / Астана, 2011. С. 35 – 43.
- 4 Татаркин А., Бочко В. Пути совершенствования местного самоуправления //Федерализм. 2008. № 1.

#### References

- 1 Nätizhelerge bardarlanfan memlekettik zhosparlau zhyjesin engizu zhönindegі tızhyrymdama – Қазақстан Respublikasy Ykimetiniң 2007 zhylyy 26 zheltoksandary №1297 kaulysyмен //www.minplan.kz
- 2 Nurmagambetov A. A., Ahmetov S.K. Razvitie mestnogo gosudarstvennogo upravlenija i samoupravlenija v processe obespechenija konkurentosposobnosti sovremennogo Kazahstana // Gosudarstvennaja politika v sfere obespechenija konkurentosposobnosti Respubliki Kazahstan: puti dostizhenija i perspektivy: materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii, v ramkah sed'myh Mustafinskih politologicheskikh chtenij. – Almaty: KazNU im. al'-Farabi, 2006. – S.15.
- 3 Stanovlenie mestnogo samoupravlenija kak osnovy ustojchivogo razvitija regionov / Abdirov N.M., Ahmetova L.S., Kogamov M.Ch., Solov'eva A. S. i dr. / Astana, 2011. S. 35 – 43.
- 4 Tatarkin A., Bochko V. Puti sovershenstvovanija mestnogo samoupravlenija //Federalizm. 2008. №1.

